


Ет орнына



Салт-дәстүрімізді тек Наурыз мерекесінде ғана еске алатын психологияны қалай өзгертуге болады?

Мұхамбетқали БҮРКІТБАЕВ,
ҚазҰУ-дың бірінші проректоры:

—Менің замандастарым, бұл мейрам мемлекеттік деңгейде тойланбайтын кеңестік кезеңде өскен аға буын, біздің ұлттық ерекшелігімізді танытатын, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды жандандырған, бейбітшілік пен игі істерге шақыратын Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамының қадір-қасиетін жете түсінеді.

Әрине, жаппай қалаға қоныс аудару мен жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарымыздың кейбір белгілерінің жоғалу қаупі бар. Мәселен, үлкен қалаларда үш ұрпақтың бір шаңырақ астында өмір сүруі сирек кездесетін жағдай. Дәл осылай болғанда алдыңғы буынның білімі мен өмірлік тәжірибесі кейінгі ұрпаққа үзіліссіз беріліп отырды, оның ішінде салт-дәстүрді сақтау, үлкенге құрмет көрсету, сонымен қатар туыстық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісі жүрді. Сондықтан, өзіміздің бай салт-дәстүрімізді сақтай отырып, баланы тәрбиелеу мен ұлттық психологиясын қалыптастыру үшін ерте жастан қазақ тілді тәрбие беру аса маңызды.

Сондай-ақ, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын үнемі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау және ол туралы теле сюжеттер мен ақпараттар тарату да өте маңызды. Телеарналарда аталмыш жобалардың пайда болуы мені қатты қуантады. Тіпті, мектеп бағдарламаларына қазақтардың және Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына арналған сабақтар енгізу керек.


Өз салт-дәстүріне деген құрмет ұлттық киімдерді кию арқылы да көрінетіні даусыз. Балабақшаларда, түрлі мерекелерде және балалар байқауларында балдырғандардың ұлттық киімде өнер көрсетуі қандай әсерлі! Үлкендерге арналған киім, соның ішінде ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген әйелдер киімі де аса әдемі.

Ұлттық рухта тәрбие беруде ұлттық музыка мен музыкалық аспаптарға баулу — маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан домбыра, қобыз үйірмелерін көптеп ашып, түрлі концерттер мен байқауларды жиі ұйымдастырып тұру керек.

Ұлттың бірегейлігін анықтауда ұлттық тағамдардың да өзіндік алар орны бар. Қазақтың бай асханасы халыққа қоғамдық тамақтану орындарында, кафелер мен мейрамханаларда қолжетімді болуы шарт. Қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлеуді қыздар мектепте еңбек сабақтарында және отбасы, ошақ қасында үйренуі тиіс. Біздің телеарналарда ас әзірлеуге байланысты көптеген шетелдік бағдарламалар бар. Қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындары сол телеарналардан өзінің орнын ойып тұрып алуы керек.

Түз орнына

“Қазақ университеті” газеті



2011 жылдан бастап жыл басы Наурыз мейрамы шығыс әлемі ұйымы шеңберінде тойланып келеді. БҰҰ «Халықаралық наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, оның бір ұл бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі Ұлыстың ұлы күнін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті маңыздылықпен атап өтеді. Бұл жыл басын мол дастаржа алсақ, жыл да жағымды жаңалықтарға, молшылыққа толы бо күнін ұлықтауда және мәртебесін арттыру Наурыз мейрамы — жаңа тіршіліктің бастауы ғана емес, ын татулық пен қарым-қатынастың мерекесі. Ал бұл халық наурыз көжеде екені белгілі. Осы орайда «Қазақ университеті» ұсынып келеді. «Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәл сұрақтың жауабын ұсынып отыр нәрін алу оқырман

Үн орнына

Наурыздың күнтізбелік тарихы жайлы не айтасыз?



Арман ЖҰМАДІЛ,
тарих, археология және этнология факультетінің деканы:

Ислам дініне дейін арабтар, ортағасырлық еврей, қытай халқы сияқты ай-күн күнтізбесін қолданып, 24 жыл циклда 13 ай қосылып отырған. 631 жылдан бастап Мұхаммед пайғамбар 13 айды қосуға тыйым салып, ай күнтізбесін енгізген.

Селджуктер сұлтаны Мәлік шах билік басына (1072-1092) келгенде Исфаханда жаңа обсерватория салдырып, күнтізбені қайта жасауға жарлық берген. Жаңа күнтізбе жасауға Хорасанның атақты ғалымдары Омар Хайям, Абу-Маймон ибн Нажиб әл-Васити т.б. қатысқан. Осындай



Наурыз мерекесін тойлаудың маңыздылығын арттыру үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

Талгат МЕКЕБАЕВ,
«Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы:

— Наурыз — береке-бірліктің, теңдіктің, жақсы тілеудің, қайта түлеудің тойы. Бұл — күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнайтын күн. Күні бүгінге дейін жер шарындағы Шығыс халықтарының дәстүрлі мейрамына айналып отырған қасиетті Наурызды қастерлеп қарсы алу Кеңес өкіметінің тоталитарлық жүйесінің салған тыйымы салдарынан ұмытылуға айнала жаздап еді. Бұл мерекені Қазақстанда ресми түрде тойлау 1988 жылдан бері қарай

жалғасып келеді. Әр мерекенің өзіндік тойлау дәстүрі бар сияқты, Наурыздың да өзіндік тойлау дәстүрі бар. Ата-бабадан қалған салт бойынша Наурыз мейрамын көрісуден бастап, бүкіл ел болып ағаш отырғызып, туыс-туған бір-бірін шақырысып, өлілерге дұға тілеп, тірілерге берекет сұрап, «наурыз көже» дайындап, мол дастархан жайылады. Әсіресе, мен өз басым наурыз мерекесін басқа мерекелерге қарағанда асыға күтіп, зор қуанышпен қарсы аламын. Бұл мерекенің ерекшелігі мен қасиетін айта берсе, сөз жетпейді деп ойлаймын.

Бүгінде Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесінің маңыздылығын арттыру біз үшін ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, әрі қарай дәріптей білуімізден басталады. Сол себептен де Наурыз мерекесі өз орнын жоғалтпасын десек, ұлттық нақышта, заманға сай түрлендіруіміз керек. Ұлтымызда ғасырлар бойы қалыптасқан қандай жақсы дәстүрлер бар, солардың бәрін наурыз айында көрсетуге тиістіміз. Ұлттық ән-күйлерді, тәрбиелік мәні бар көркем және тарихи фильмдерді көбірек көрсету өте маңызды деп ойлаймын. Бұл мерекелік айда сонымен қатар айтыс сайысын, жыршы-термешілер байқауын, жылда өткізіліп жүрген «Қазақстан барысы» секілді палуандар күресін, көкпар, бәйге және басқа да ұлттық ойындарды жаппай өткізсек, нұр үстіне нұр болар еді. Әрине, қазіргі таңда мемлекет тарапынан Наурыз мерекесіне өте үлкен көңіл бөлініп келеді. Айтар болсақ, Президентіміз Н.Ә Назарбаевтың өзі Наурыз мерекесін бастауға байланысты: «Ағаш отырғызумен қатар тазалықты қолға алып, халықтың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру керек», — деген сөзінің мәнісіне баратын болсақ, онда айналаны тазалықтан, яғни елді-мекен, көше, аула атаулының бәрінен бастасақ, салдары сөз жоқ өз денсаулығымызға кепіл және ұрпаққа берер экологиялық тәрбиеміздің де басы болары белгілі. Ұлы күні тоқшылық пен ырыстың белгісі саналатын қасиетті тағам «наурыз көже» әр отбасының үйінде жасалатын тағамға айналып, елім, жерім дейтін ұлтжанды азамттардың жетім-жесірлерге, хал-жағдайы төмен адамдарға қол ұшын созып, осы наурыз айында көбірек таратып берсе, біздің бауырмашылығымыздың нысаны көрінген болар еді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ежелгі кезеңнен бері қарай қастерленіп келе жатқан Наурыз мейрамы қазіргі заманға бейімделіп, қоғамымыздағы саяси тұрақтылықты, достық пен келісімді нығайтатын мерекенің тетігіне айнала берсін деп тілеймін.

күнтізбені қайта жасауға жарлық берген. Жаңа күнтізбе жасауға Хорасанның атақты ғалымдары Омар Хайям, Абу-л-Музаффар ал-Исфазари, Маймун ибн Наджиб ал-Васити, т.б. қатысқан. Осылайша 1079 жылы жаңа күнтізбе жасалып, жылдың табиғи қозғалысы қайта есептеліп, Наурыз мейрамы 21 наурызға, күн мен түннің теңелуі 21-нен 22-не өтетін уақытқа белгіленді. Бұрынғы күнтізбеде жаңа күнтізбеден 16 күн айырмашылық болып келген. Осылайша Наурыздың күнтізбедегі тұрақты орны анықталды.

Омар Хайям күнтізбесінде жыл ұзақтығы 365, 2424 күн, ол нақты уақыттан 0,0002 тәулікке қате, 1 қате күн 5000 жылда жиналады. Ал бүгінгі қолданыстағы Григорий күнтізбесінде бір жылда 365, 2425 күн бар, ол нақты уақыттан 0,0003 тәулікке қате, 1 қате күн 3333 жылда жиналады.

«Наурыз» парсы сөзі болғанымен, көне түркілерге, қазақтарға ерте заманнан кірігіп, сіңіп кеткендігін деректер дәлелдейді. Қазақтар «Наурыздан соң жаз деймін» немесе «Наурыздан соң жаздаймын» деп «Наурыздың» көктем мезгілі екендігін айтқан. Яғни, көне түркілер, қазақтар «Наурыз» мерекесін «жыл басы» ретінде ғана емес, табиғаттың жаңаруы ретінде де тойлаған. Парсы күнтізбесінде «наурыз» ай аты емес, жылдың басындағы фарвардин айының басындағы 1-ші күннің аты болса, қазақтар бұл күнді «Ұлыстың (жылдың) ұлы күні» дейді.

Дәмеуіш орнына

Наурыз мейрамының мәртебесін арттыру үшін не істеу қажет?

Роза ҚАСЫМОВА,
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті:



— Әз-Наурыз — Ұлыстың ұлы күні. Қазақ халқы ғана емес, әлем халықтарының көпшілігі есте жоқ ескі замандардан бері тойлайтын, қыстың қысымшылығынан құтылып, көрікті көктеммен көрісетін, Жер-ана алты ай ұйқысынан оянып, төрт түлік мал төлдейтін, күн мен түн теңеліп, жақсылық жамандықты женетін қасиетті шақ. Желкілдеген тал егіп, бүлкілдеген бұлақ көзін ашатын шынайы Жаңа күн.

Аталмыш мейрамның мерейін үстем қылу үшін алдымен жас ұрпаққа Ұлы күні жайындағы насихатты күшейтуіміз қажет. Наурыз мейрамы жайында айтқанда, Қыдыр Ата мен Ұмай ананы еске алғанымыз жөн. Қыдыр Ата — қазақтың, сондай-ақ басқа да түркі тілдес халықтардың ерекше жарылқаушы, адам баласын өзара жарастырушы, алыс-жақынды табыстырушы киелі тұлға. Ал, Ұмай ана — Хауа ананың ізін жалғаған ұлы ана, әйел мен баланың пірі, мейірім мен шапағат иесі. Міне, осы екі тұлға Қыдыр баба мен Ұмай ана Наурыз күні қарсаңында балабақшалардағы бүлдіршіндер мен төменгі сыныптардағы жеткіншектерге сыйлық ұлестірсе, жасөспірімдер мен жастарға арнап баталарын беріп, игі тілек білдірсе, ұлттың ұлы мейрамы — Наурыз мейрамының тарихы мен ерекшеліктері жайлы әңгімелеп берсе, қандай тамаша! Осыдан дәстүріміз бен салтымыз әсерлі дәріптеліп, Қыдыр Атамның киесі мен Ұмай анамыздың мейіріміне бөленбей ме?! Наурыз мейрамын ұлтымыз ұлықталатын, тарихымыз қайта жаңғыратын кез деп санағаннан кейін, ежелгі мерекенің құндылығын арттырып, болашақ ұрпақтың санасына сіңіру — борышымыз.

В библиотеке аль-Фараби проводится анкетирование среди студентов

в рамках конкурса чтения "Лидер чтения-2016"